

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы
акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысымен

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	6-7
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	8
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	9
Ақша қаржатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	10-11
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	12-57

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорнының (бұдан әрі - «Топ»), 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және өзге де жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес анық көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің қорытындымыздың «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Топқа қатысты Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексіне (БХЭСК кодексі) сәйкес тәуелсіз болып отырмыз және біз БХЭСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Басқа мәліметтер

Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілігін ол бойынша 2023 жылғы 30 маусымда өзгерілмеген пікір білдірген басқа аудитор тексерді.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық ХКЕС-на сәйкес көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін, және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалары Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда ақылға қонымды сенім алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің олар болған кезде әрдайым өлеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды.

Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде жорамалдауға болатын болса, өлеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз көсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы көсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржы есептілігінің өлеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық ресімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде өлеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде өлеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтү әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сай келетін аудиторлық ресімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың және Топ басшылығы дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының зандылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне өлеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты өлеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз өлеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуга немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған қунға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.
- Топтың қаржылық есептілігі туралы пікірді қалыптастыру үшін негіз ретінде Топтың еншілес көсіпорнының қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін Топтың аудитін жоспарлаймыз және жүргіземіз. Біз аудит барысына басшылық жасауға, қадағалауға және Топ аудитінің мақсаттары үшін орындалған аудит жөніндегі жұмысты тексеруге жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікірімізге толық жауапты болып қала береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қымылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертүлер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.



Шынғымбек Сартас
«Russell Bedford A+ Partners» ХАҚ
ЖШС

Аудит жөніндегі әріптесі

Аудитордың біліктілік қуәлігінің №
МФ-0000297, 09.11.2015 ж.



Шоканай Кудайбергенова
«Russell Bedford A+ Partners» ХАҚ
ЖШС

Бас директоры

Аудиторлық қызметпен айналысуға арналған №18013076 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы «03» шілдеде берген.

A15E2X0, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
Әл-Фараби даңғылы, 202

2024 жылғы 10 маусым



**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАГДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Мың тенге	Ес.	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	10	13 122 483	1 379 514
Материалдық емес активтер		10 179	18 237
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	27	10 846 671	-
Берілген ұзақ мерзімді аванстар	11	161 812 313	241 776 140
Ұзақ мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек	14	694 223 623	536 180 633
Болашақ кезеңдердің шығыстары бойынша кейінге қалдырылған өтеу	22	185 106 976	153 885 768
Еншілес компанияға инвестиция		-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	12	8 913 686	9 917 508
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		1 074 035 931	943 157 800
Қысқа мерзімді активтер			
Қорлар		5 499 463	474 455
Меншік иесіне беру үшін ұсталатын активтер	18	3 899 635	8 194 917
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек	14	70 030 987	32 957 204
Берілген қысқа мерзімді аванстар	11	69 276 299	97 480 889
Болашақ кезеңдердің шығыстары бойынша кейінге қалдырылған өтеу	22	25 030 191	19 424 027
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		119 733	171 708
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	13	802 038	412 825
Ақша қаражаты және олардың баламалары	15	43 516 564	42 168 929
Қысқа мерзімді активтер жиыны		218 174 910	20 128 495
Активтер жиыны		1 292 210 841	1 144 442 754

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)**

Мын тәңгемен	Еск.	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	16	27 763 849	2 342 779
Өзге де резервтер		636	636
Жинақталған залал		(56 339 226)	(67 091 878)
Меншікті капитал жиыны		(28 574 741)	(64 748 463)
Міндеттемелер			
Банктік қарыздар – ұзақ мерзімді бөлім	17	860 453 687	819 926 187
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	27	8 098 145	-
Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер	20	11 922 503	6 412 481
Болашақ кезеңдердің кірістері	21	14 478 988	13 756 827
Принципалдан алынған ұзақ мерзімді аванстар	19	27 488 840	43 410 110
Болашақ өтеу бойынша кейінге қалдырылған кіріс	22	170 507 100	135 663 580
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	7	1 838 976	3 087 087
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		1 094 788 239	1 022 256 272
Банктік қарыздар – қысқа мерзімді бөлігі	17	68 062 504	46 320 158
Банктік қарыздар бойынша төлеуге есептелген пайыздар	17	9 514 632	8 860 093
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	18	35 149 010	19 817 009
Принципалдан алынған аванстар	19	72 488 171	83 784 125
Алынған өзге де аванстар		2 878 881	1 207 092
Болашақ өтеу бойынша кейінге қалдырылған кіріс	22	24 094 218	16 827 536
КТС бойынша берешек		56 876	-
Корпоративтік табыс салығынан басқа төлеуге салынатын салықтар		700 468	592 799
Қысқа мерзімді резервтер		2 231 885	1 474 948
Өзге де қаржылық міндеттемелер	20	10 820 698	8 051 185
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		225 997 343	186 934 945
Міндеттемелер жиыны		1 320 785 582	1 209 191 217
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		1 292 210 841	1 144 442 754

Қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болған табылады.

Компания басшылығының атынан:

Д.С. Иманашев
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 10 маусым



Г.К. Медеубаева
Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер



**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ЕСЕП**

Мың теңгемен	Ескертпе	2023 жыл	2022 жыл
Тұсім	4	39 361 508	13 272 419
Әзіндік құн	5	(35 510 986)	(10 612 114)
Жалпы пайда		3 850 522	2 660 305
Әкімшілік шығыстар	6	(3 528 381)	(2 281 075)
Әзге де кірістер	8	812 605	976 699
Әзге де шығыстар	8	(4 319 568)	(4 468 531)
Операциялық қызметтөн залал		(3 184 822)	(3 112 602)
Қаржылық кірістер	9	44 742 808	26 253 515
Қаржылық шығыстар	9	(43 314 496)	(27 379 478)
Қаржылық шығыстар, нетто	9	1 428 312	(1 125 963)
Қарыздар бойынша бағамдық айырмашылықтардан кіріс (залал), нетто	17	15 387 111	(53 483 131)
Басқа бағамдық айырмашылықтардан кірістер, нетто		5 131 452	43 039 081
Салық салынғанға дейінгі пайда/(залал)		18 762 053	(14 682 615)
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)	7	1 105 816	(3 197 463)
Жыл ішіндегі пайда/(залал)		19 867 869	(17 880 078)
Әзге де жиынтық кіріс		-	-
Жыл ішіндегі жиынтық (залал)/кіріс жиыны		19 867 869	(17 880 078)

Қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме ескерттелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болғын табылады.

Компания басшылығының атынан:

Д.С. Иманашев
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 10 маусым



Г.К. Медеубаева
Бухгалтерлік есеп және есептілік
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер



**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Мың тенге	Жарғылыш капитал	Өзге резервтер	Жинақталған запал	Меншікті капиталдың жыны
2021 жылғы 31 желтоқсанға	2 342 779	636	(49 211 800)	(46 868 385)
Жыл ішіндегі залал	-	-	(17 880 078)	(17 880 078)
Өзге де жиынтық кіріс	-	-	-	-
Жыл ішіндегі жиынтық залал жыны	-	-	(17 880 078)	(17 880 078)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	2 342 779	636	(67 091 878)	(64 748 463)
Жыл ішіндегі пайда	-	-	19 867 869	19 867 869
Өзге де жиынтық кіріс	-	-	-	-
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жыны	-	-	19 867 869	19 867 869
Акционермен операциялар				
«ҚАДСервис» ЖШС қосылуы (бұрын - «Қазақавтожол» ЖШС)	25 421 070	-	(9 115 217)	16 305 853
Акционермен жасалған операциялардың жыны	25 421 070	-	(9 115 217)	16 305 853
2023 жылғы 31 желтоқсанға	27 763 849	636	(56 339 226)	(28 574 741)

Қоса беріліп отырған есеп саясаты мен түсіндірме ескерткілер осы қаржылық
есептіліктің ажырамас болып табылады.

Компания басшылығының атынан:

Д.С. Иманашев
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 10 маусым



Г.К. Медеубаева
Бухгалтерлік есеп және есептілік
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер



**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Мың тәңгемен	Еск.	2023 жыл	2022 жыл
Операциялық қызметтөн ақша ағындары			
Жыл ішіндегі пайда/(шығын)		19 867 869	(17 880 078)
Табыс салығы бойынша үнемдеуге/(шығысқа) түзету	7	(1 105 816)	3 197 463
Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)		18 762 053	(14 682 614)
Түзетулар:			
Саудалық дебиторлық берешегі мен берілген аванстардың құнсыздандындағы өзгеріс	11,14	3 410 919	3 586 331
Тозу және амортизация	5, 6	1 401 829	254 308
Болашақ кезеңдердің кірістерін есептен шығару		-	
Кредиторлық берешекті есептен шығарудан түскен кірістер	8	-	(90 149)
Қаржылық кірістер	9	(44 742 760)	(26 253 515)
Қаржылық шығыстар	9	43 314 496	27 379 478
Қарыздар бойынша бағамдық айырмадан залал (кіріс), нетто	17	(15 387 111)	53 483 131
Басқа бағамдық айырмашылықтардан кірістер, нетто		(5 062 535)	(43 039 081)
Негізгі құралдардың шығуынан залал (пайда)		1 882	(10 732)
Операциялық қызметтөн айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы:			
		1 698 774	627 157
Өзгертулер:			
Қордағы өзгерістер		(1 885 768)	(158 599)
Саудалық және өзге де дебиторлық берешектегі өзгерістер		(156 423 569)	(29 319 759)
Берілген аванстарғы өзгерістер		111 910 555	25 804 480
Өзге де ұзақ мерзімді активтердегі өзгерістер		4 271 969	152 848
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатындағы өзгерістер		(389 213)	(395 661)
Саудалық және өзге де кредиторлық берешектегі өзгерістер		124 064 134	53 705 024
Сенімгерлік басқару шарты бойынша берешектегі өзгеріс		(589 168)	(4 698 701)
KTC-нан басқа төлеуге салықтардағы өзгерістер		(526 290)	(990 257)
Резервтердегі өзгеріс		384 324	744 731
Алынған аванстардағы өзгеріс		(25 545 436)	24 573 565
Өзге міндеттемелердегі өзгеріс		10 215 133	(2 584 542)
Табыс салығын төленгенге дейін операциялық қызметтөн алынған ақша қаражатының ағыны			
		67 185 445	67 460 286
Төленген табыс салығы		(241 059)	(2 314 081)
Төленген пайыздар	17	(38 194 141)	(24 605 475)
Операциялық қызметтөн алынған ақша қаражатының таза ағыны			
		28 750 245	40 540 730

**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)**

Мың тенге	Еск.	2023 жыл	2022 жыл
Алынған пайыздар		4 748 328	1 042 052
Сатып алынған ақша қаражатын шегергендеі еншілес компанияга бақылауды сатып алу		1 726 951	
Негізгі құралдарды сатып алу		(2 758 864)	(174 920)
Материалдық емес активтерді сатып алу		-	(804)
Борыштық құралдарды өтеу		-	19 460
Негізгі құралдардың шығуынан түсken түсімдер		-	4 231
Инвестициялық қызметтөн алынған ақша қаражатының таза ағыны		3 716 415	890 019
Қаржылық қызметтөн ақша ағындары			
Банк қарыздарын өтеу	17	(46 413 266)	(19 736 200)
Қаржылық жалдау бойынша берешекті өтеу		(2 615 289)	-
Банк қарыздарын алу	17	17 978 447	10 000 000
Қаржылық қызметтөн алынған (пайдаланылған) ақша қаражатының таза ағыны		(31 050 108)	(9 736 200)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза үлгісі		1 416 552	31 694 549
1 қаңтардағы ақша қаражаты және олардың баламалары	15	42 168 929	10 506 705
Валюта бағамдары өзгерүйнің ақша қаражаты мен олардың баламаларының шамасына әсері		(68 917)	(32 325)
31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың баламалары	15	43 516 564	42 168 929

Коса беріліп отырган есеп саясаты мен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болып табылады.

Компания басшылығының атынан:

Д.С. Иманашев
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 10 маусым



Медеубаева

Г.К. Медеубаева
Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер



**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

1. КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ТОП ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(а) Жалпы ақпарат

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Қазақстан Республикасы Қөлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» ММ (бұдан әрі - «ҚР ҚМ АЖК») «Қазақавтожол» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қазақавтожол-Көкшетау» еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 ақпандығы № 79 қаулысының негізінде құрылды. Компанияның алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 2013 жылғы 13 наурыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - «ҚР ҚМ ММЖК» немесе «Жалғыз акционер») тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның акционері болып табылады.

Тиісті қабылдау-беру актісінің негізінде Компания акцияларының 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Қөлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті (бұдан әрі - «ҚР ҚМ АЖК») болып табылады.

2023 жылғы 17 сәуірде Компания «Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 670 қаулысы, "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 90/23 шешімі және Комитеттің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 283 бүйрүғы негізінде ҚР ҚМ ММЖК-нен «ҚАЖсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін меншігіне қабылдады. Компания 2023 жылғы 6 маусымдағы «ҚАЖсервис» ЖШС жарғысын жаңа меншік иесін көрсете отырып өзгерту күнін еншілес кәсіпорынға бақылау жасау күні деп санайды.

Компания жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері:

- мемлекеттік тапсырма негізінде халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін дамыту жөніндегі бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру;
- мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жобалауды, салуды, реконструкциялауды, жөндеуді және күтіп-ұстауды ұйымдастыру;
- мемлекеттік тапсырманың орындалуын ұйымдастыру шеңберінде халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салудың, реконструкциялаудың, жөндеудің және күтіп-ұстаудың барысы мен сапасын бақылау;
- ақылы автомобиль жолдарын сенімгерлік басқару;
- көлік құрапдарының ақылы автомобиль жолымен үздіксіз және қауіпсіз жүріп өтуіне кедергі келтіретін ақауларды жою;
- ақылы автомобиль жолдарымен жүріп өту үшін ақы жинау болып табылады.

2023 жылғы 26 шілдедегі жалғыз қатысушы – «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы бекіткен еншілес кәсіпорынның Жарғысына сәйкес «ҚАЖсервис» ЖШС қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстай және ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау және автомобиль жолдары мен жасанды құрылыштарды пайдалану болып табылады.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Өндіріс ТМ, Өндіріс көшесі, 72/1-ғимарат.

Компанияның нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 60/4.

Еншілес кәсіпорынның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ж.Досмұхамедұлы көшесі, 50.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ТОП ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Компанияның 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігінің шығарылымын Компания басшылығы 2024 жылғы 10 маусымда мақұлдады.

(б) Сенімгерлік басқару шарты

2013 жылғы 30 мамырда ҚР ҚМ ММЖК, ҚР КМ АЖК және Компания арасында кейіннен сатып алу құқығынсыз 10 жыл мерзімге «Астана-Щучинск» республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының участесін Компанияның сенімгерлік басқаруына беру туралы сенімгерлік басқару шарты жасалды. Сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 1 шілдеде тіркелді. Сенімгерлік басқаруға көлік құралдарының жүріп өтуі үшін ақы алу, ұстау және ағымдағы жөндеу кіреді.

2020 және 2021 жылдары қосымша келісімдермен көлік құралдарының жүріп өтуі үшін ақы алу үшін автомобиль жолдарының мынадай участеклері енгізді: «Астана-Теміртау», «Астана-Қапшағай», «Алматы-Қорғас», «Орал-РФ шекарасы (Саратовқа)», «Орал-РФ шекарасы (Самараға)», «Шымкент-Өзбекстан шекарасы (Ташкентке)», «Ақтөбе-РФ шекарасы (Орынборға)», «Қызылорда-Шымкент», «Шымкент-Тараз», «Қарабұтақ-Қызылорда», «Щучинск-Қостанай-Петропавл», «Атырау-Бейнеу-Өзбекстан шекарасы», «Нұр-Сұлтан-Қостанай-РФ шекарасы (Троицкке)», «Нұр-Сұлтан-Павлодар», «Қапшағай-Талдықорған», «Тараз-Қайнар», «Павлодар – РФ шекарасы (Омбыға)», «Павлодар - Семей - Қалбатау», «Ақтөбе - Орал», «Ақтау - Бейнеу».

2016 жылғы 11 ақпанда ҚР ҚМ ММЖК, ҚР КМ және Компания арасында 233-бағдарлама (бұдан әрі - «233-бағдарлама») бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуын үйімдастыру үшін «Астана-Қарағанды-Балқаш-Құрті-Қапшағай-Алматы» автомобиль жолының 2152-2295 (143 км) «Орталық-Оңтүстік» дәлізінің «Құрті-Бұрылбайтал» участесін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды.

2016 жылғы 18 ақпанда Компания мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі - «ЕҚДБ») арасында 103.000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес «Құрті - Бұрылбайтал» автомобиль жолының 2214-2295 км участесін қайта жаңарту жөніндегі жоба қаржыландаудылады.

2016 жылғы 26 қазанда Компания мен ЕҚДБ арасында 86.000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес «Құрті - Бұрылбайтал» автомобиль жолының 2152-2214 км участесін қайта жаңарту жөніндегі жоба қаржыландаудылады.

2016 жылғы 31 наурызда 233-бағдарламаның орындалуын үйімдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР КМ және Компания арасында «РФ шекарасы (Омбыға) Майқапшағай (КХР-ға шығу)» республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының 906-1321 км «Қалбатау-Майқапшағай» участесін; республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын «Алматы-Өскемен» автомобиль жолының «Талдықорған Қалбатау-Өскемен» 287-1073 км участесі; республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын «Алматы-Өскемен» автомобиль жолы, 287-1073 км; «Мерке-Бұрылбайтал» республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы 7-273 км сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды.

2016 жылғы 4 қарашада Компания мен Қытайдың Экспорт-Импорт Банкі (бұдан әрі - «Қытайдың ЭксИм Банкі») арасында жалпы сомасы 795.962 мың АҚШ долларына кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес «Талдықорған-Қалбатау-Өскемен» автомобиль жолының участеклерін қайта жаңарту жөніндегі жобалар қаржыландаудылады.

2017 жылғы 21 сәуірде 233-бағдарламаның орындалуын үйімдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР КМ және Компания арасында «Астана қаласын айналып өту» автомобиль жолының 0-1 және 52-53 км, «Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы РФ М-36 шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы» 1246-1247 км участесін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды.

2017 жылы Компания мен Қытайдың ЭксИм Банкі арасында жалпы сомасы 871.615 мың АҚШ долларына кредиттік келісімдерге қол қойылды, оған сәйкес «Қалбатау-Майқапшағай», «Талдықорған-Қалбатау-Өскемен», «Мерке-Бұрылбайтал» және «Астана қаласының айналма жолы» автомобиль жолы участеклерін қайта жаңарту жөніндегі жобалар қаржыландаудылатын болады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

(б) Сенімгерлік басқару шарты (жалғасы)

2018 жылғы 5 мамырда 233-бағдарламаның орындалуын үйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ҚМ және Компания арасында «Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы РФ шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы» респубикалық маңызы бар автомобиль жолының 1492,4-1855 км участкесін сенімгерлік басқаруға беру туралы шар жасалды.

2018 жылы Компания мен Қытайдың ЭксИм Банкі арасында жалпы сомасы 727.212 мың АҚШ долларына кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес «Қарағанды-Балқаш» автомобиль жолының участкелерін қайта жаңарту жөніндегі жоба қаржыландырылатын болады.

2019 жылғы 12 сәуірде 233-бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырманы орындауды үйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ҚМ және Компания арасында «Ресей Федерациясының шекарасы (Орск қаласына) - Ақтөбе-Атырау-Ресей Федерациясының шекарасы (Астрахань қаласына)» автомобиль жолының Атырау қаласын солтустік айналма жолын қоса алғанда, 616-833 км «Атырау-Астрахань» участкесін және Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы» респубикалық маңызы бар автомобиль жолының 0-67 км «Қапшагай-Күрті» участкесін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарттар жасалды.

2019 жылғы 6 мамырда 233 Бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуын үйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ҚМ және Компания арасында «Ресей Федерациясының шекарасы (Орск қаласына) - Ақтөбе-Атырау-Ресей Федерациясының шекарасы (Астрахань қаласына)» респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының 11-100 км «Ақтөбе-Қандығаш» участкесін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды.

2019 жылғы 31 мамырда Компания мен ЕҚДБ арасында 103.790.233 мың теңге сомасына кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес «Ресей Федерациясының шекарасы (Орск қаласына) - Ақтөбе-Атырау-Ресей Федерациясының шекарасы (Астрахань қаласына)» 616-833 км, Атырау қаласын солтустік айналма жолын қоса алғанда, автомобиль жолын қайта жаңарту жобасы қаржыландырылады.

2019 жылғы 19 шілдеде ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ҚМ және Компания арасында 233-бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырманы орындауды үйымдастыру үшін 0-144 км «Подстепное-Федоровка-Ресей Федерациясының шекарасы» А-30 респубикалық маңызы бар жолды сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды.

2019 жылғы 26 қарашада Компания мен ЕҚДБ арасында 34.479.731 мың теңге сомасына кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес «Қапшагай-Күрті» 0-67 км респубикалық маңызы бар жолының «Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы» Орталық-Оңтүстік дәлізін қайта жаңарту жобасы қаржыландырылады.

2019 жылғы 24 желтоқсанда Компания мен мынадай құрамдағы Консорциум: «Computer Vision Technologies» ЖШС, «Теміржол Жондеу» ЖШС және «FAR EASTERN ELECTRONIC TOLL COLLECTION CO., LTD» арасында Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарымен жүріп өту үшін ақы алу жүйесін орнату және оған қызмет көрсету бойынша 11 жылға шарт жасалды. Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-сыз 138.777.010 мың теңгені құрады, ол 25.688.029 мың теңге мөлшерінде күрделі жұмыстардың құнынан және 113.108.981 мың теңге мөлшерінде сервистік қызмет көрсетудің құнынан тұрады. Инвестицияларды өтеу әрбір участке бойынша есеп жүргізе отырып, ақы алушан түсетін қаражат есебінен ғана жүзеге асырылатын болады. Инвестицияларды өтеу бойынша төлемді жүзеге асыру үшін төлемді алушан қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, жетіспейтін сома келесі кезеңге ауыстырылады және қаражат жеткілікті болған кезде төленеді.

2020 жылғы 18 мамырда 233-бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуын үйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ҚМ және Компания арасында Нұр-Сұлтан қаласында Есіл езені арқылы өтетін көпірден Нұрсұлтан Назарбаев атындағы халықаралық өуежайға дейінгі участкеде Қабанбай батыр даңғылының, соның ішінде Қабанбай батыр даңғылымен Тұран даңғылына дейін арасындағы көлік торабын сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды. 2022 жылғы 21 сәуірде Компания Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша 2022 жылғы 11 ақпанда осы шартты бұзу туралы келісім жасасты.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

(б) Сенімгерлік басқару шарты (жалғасы)

2020 жылғы 17 қыркүйекте Компания мен Азия даму банкі арасында (бұдан әрі - «АДБ») 64.025.854 мың теңге сомасына № 3829KAZ кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес I санат стандартына сәйкес жолды көнегейтуді, әйелдерге арналған санитарлық-гигиеналық жағдайлары бар жол бойындағы сервис аймақтарын салуды, көпірлерді қайта жаңартуды, ауылдар мен қалаларда екі айналма жол салуды және жол қозғалысы қауіпсіздігін кейір жақсартуды қоса алғанда, Ақтөбе мен Қандығаш арасындағы ұзындығы шамамен 89 км автомагистраль участкесін қайта жаңарту жобасы қаржыландырылады.

2021 жылғы 13 қаңтарда «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына және «Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 744 қаулысына сәйкес 091-бағдарламаны орындауды ұйымдастыру үшін ҚР КМ мен Компания арасындағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының сапасын жақсартуға бағытталған жолдарды жөндеуге және күтіп ұстауды ұйымдастыруға шарт және 003-бағдарламаны орындауды ұйымдастыру үшін ҚР КМ мен Компания арасындағы республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға арналған шарт жасалды.

2021 жылғы 19 қаңтарда «2021- 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына және «Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30 жылғы 2013 шілдедегі № 744 қаулысына сәйкес 240-бағдарламаны орындауды ұйымдастыру үшін ҚР КМ мен Компания арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін салуды және қайта жаңартуды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету шарты жасалды.

2021 жылғы 19 наурызда 233-бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырманы орындауды ұйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР КМ және Компания арасында А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка- РФ шекарасы» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 12-424 км участкесін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды.

2021 жылы Компания мен Қытайдың ЭксИм Банкі арасында жалпы сомасы 199.683 мың АҚШ долларына кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес Қабанбай батыр даңғылын қайта жаңарту жөніндегі жоба қаржыландырылатын болады. Осы қарыз бойынша қаржыландыру кейіннен сенімгерлік басқару шартын бұзуға байланысты алынбады.

2021 жылы Компания мен ЕҚДБ арасында 96.918.422 мың теңге сомаға кредиттік келісімге қол қойылды, оған сәйкес республикалық маңызы бар А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка- РФ шекарасы» автомобиль жолының 12-424 км «Қызылорда-Жезқазған» участкесін қайта жаңарту жобасы қаржыландырылады.

2023 жыл ішінде Компания инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін жаңа сенімгерлік басқару шарттары мен кредиттік келісімдер жасасқан жоқ.

(в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Топ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Топ Қазақстан Республикасының нарықтарында экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды, олар дамушы нарықтарға тән сипатты ерекшеліктерді көрсетеді. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасы жетілдіруді жағластыруда, бірақ әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол береді және құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа кемшіліктерімен бірге Қазақстан Республикасында өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қындықтар туғызатын жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. Осы қаржылық есептілік басшылықтың қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолданыстағы шарттарының Топ қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалауды көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарын одан әрі дамыту басшылықты бағалаудан ерекшеленуі мүмкін.

(г) Сыртқы саяси жағдай

Соңғы кездері байқалып отырған Ресей мен Украина төңірегіндең тұрақсыз геосаяси жағдай Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін қосымша арттырды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2022 жылғы ақпандың 1-дегі деңгээлде Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты бірқатар елдер Ресей Федерациясына қатысты санкциялар енгізді. Жаңжалдың әсері екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, жаһандық экономикаға да әсер етеді. Санкциялардың енгізу нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат және азық-түлік тауарларына бағалар өсті, ресурстарды жеткізу арасындағы белгіленген байланыстар бұзылды, бағаларға инфляциялық әсер байқалады, сондай-ақ талдаушылар әлемдік өнеркәсіп үшін экономикалық салдарды болжап отыр.

Топ басшылығы ағымдағы жағдайдың дамуын қадағалайды және Топтың таяу болашақта орнықтылығы мен дамуын қолдау үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды. Топ басшылығы осы оқиғалардың Топтың қызметіне және шоғырландырылған қаржылық жағдайына әсерін бағалауды жалғастырады.

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

(а) ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (ХҚЕС жөніндегі Кеңес) бекіткен редакциядағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды.

Топ қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға сүйене отырып, өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды.

(б) Функционалдық валюта және шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге болып табылады және теңге Компанияның және оның еншілес көсіпорнының функционалдық валютасы, сондай-ақ осы шоғырландырылған қаржылық есептілік ұсынылған валюта болып табылады. Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгеше көрсетілмесе, ең жақын мыңға дейін дөңгелектелген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

(в) Есептік бағалаулар мен кәсіби пікірлерді пайдалану

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-на сәйкес дайындау басшылықтан есеп саясатының қолданылатын қағидаттарына және активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың көрсетілетін сомаларына әсер ететін кәсіби пайымдарды, есептік бағалаулар мен жoramалдарды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер пайдаланылған бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалар және олардың негізінде жатқан жoramалдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалардағы түзетулер тиісті бағалар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде қалыптастырылған және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға негұрлым елеулі әсер еткен негұрлым маңызды пікірлер туралы ақпарат мынадай ескертпелерде берілген:

- **3 (б) және 4-ескертпелер** - сенімгерлік басқару шарттарының түсімі мен есебі; мәміледе Компания принципал емес, агент ретінде әрекет ететінін айқындау.

Келесі есепті жылы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген көрсеткіштерді елеулі өзгерту талап етілетін елеулі тәуекелмен ұштасқан есептік бағаларға қатысты жoramалдар мен белгісіздіктер туралы ақпарат мынадай ескертпелерде берілген:

- **22-ескертпе** - болашақ кезеңдердің шығыстары бойынша кейінге қалдырылған өтеу сомасын дисконттау кезіндегі жoramалдар.
- **7-ескертпе** - өткен жылдардың жинақталған залалдарына танылмаған кейінге қалдырылған корпоративтік салықты бағалау.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

(а) Әділ құнды бағалау

Топтың есеп саясатының белгілі бір ережелері және бірқатар ашулар қаржылық, сол сияқты қаржылық емес активтердің және міндеттемелердің әділ құнын бағалауды талап етеді.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Топ мүмкіндігінше бақыланатын нарықтық деректерді қолданады. Әділ құнды бағалау бағалаудың тиісті әдістері шенберінде пайдаланылатын бастапқы деректерге байланысты әділ құн сатысының әртүрлі деңгейлеріне жатады:

- 1-денгей: белсенді нарықтардағы ұқсас активтер мен міндеттемелердің бағаланатын (түзетілмеген) бағалары.
- 2-денгей: тікелей (яғни бағалар сияқты) не жанама (яғни бағалар негізінде айқындалған) болып табылатын 1-денгейді бағалау үшін қолданылатын бағаланатын бағалардан басқа бастапқы деректер.
- 3-денгей: бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген активтер мен міндеттемелер үшін бастапқы деректер (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Егер активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау үшін пайдаланылатын бастапқы деректер әділ құн сатысының әртүрлі деңгейлеріне жатқызылуы мүмкін болса, онда әділ құнды бағалау тұтастай алғанда бүкіл бағалау үшін елеулі болып табылатын негұрлым төмен деңгейдегі бастапқы деректер сәйкес келетін сатылық деңгейіне жатады. Компания осы өзгеріс бір жыл ішінде орын алған есепті кезеңнің аяқталу күніне әділ құн сатысының деңгейлері арасындағы аударымдарды таниды.

Басшылық Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны әрбір есепті күнге олардың баланстық құнына жақындастырылған деп санайды. Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны әділ құн сатысының 3-денгейіне жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

(б) Сенімгерлік басқару шарттарының түсімі және есебі

Жолдарды қайта жаңартуды үйымдастыру жөніндегі сенімгерлік басқару шарты

Компания автомобиль жолдары участекеріне сенімгерлік басқару шарттарын жасасады (1 (б) ескертпесін қараңыз).

Сенімгерлік басқару шарттарының талаптарына сәйкес Компания автомобиль жолдары участекерін қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды үйымдастыру мен басқаруды жүзеге асыруға және кейіннен ақылы қозғалысты үйымдастыруды және сенімгерлік басқару объектілерін одан әрі пайдалануды жүзеге асыруға міндетті. Компанияның автомобиль жолдары участекерін қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды үйымдастыру және басқару жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстарды өтетуге құқығы бар.

Ақылы жолдарды сенімгерлік басқару шарттары

2013 жылғы 30 мамырда ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ҚМ АЖК (бұдан әрі - «Принципал») және Компания арасында кейіннен сатып алу құқығынсыз 10 жыл мерзімге «Астана-Шучинск» республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының участесін Компанияның сенімгерлік басқаруына беру туралы бірінші сенімгерлік басқару шарты жасалды. Сенімгерлік басқаруға көлік құралдарының жүріп өтуі үшін ақы алу, ұстау және ағымдағы жөндеу кіреді.

Кейінгі жылдары Компанияның сенімгерлік басқаруына көлік құралдарының жүріп өтуі үшін ақы алу үшін автомобиль жолдарының басқа участекері берілді (1 (б) ескертпесін қараңыз).

Сенімгерлік басқару шартының объектісін беру меншік құқығының ауысуына әкеп соқпайды.

Шарт Компанияға көлік құралдарының жүріп өтуі үшін ақы алуды үйымдастыру және Компания бөгде үйымдарды тартатын жол участекеріне қатысты ҚР ҚМ ММЖК атынан автомобиль жолдарын күтіп ұстау мен ағымдағы жөндеуді үйымдастыру бойынша жұмсалған шығындарды өтеуді алуға құқық береді. Сондай-ақ Компанияның тәуекелдерді өзіне қалдыратын өз күшімен жүргізілген ұстауға жұмсалған шығыстарды өтетуге құқығы бар.

Түсім

ХКЕС (IFRS) 15 Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім стандартына сәйкес Компания өзін мынадай қызметтер көрсету бөлігінде агент деп есептейді:

- мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде не тартылған инвестициялар есебінен жолдарды реконструкциялауға арналған сенімгерлік басқару шарттары және мемлекеттік бағдарламаларды орындауды үйымдастыру үшін қызметтер көрсету шарттары бойынша халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды, жөндеуді күтіп-ұстауды үйымдастыру,
- ақылы автомобиль жолдарымен жүріп өту үшін ақы жинау және ақылы автомобиль жолдарының қызметін үйымдастыру (күтіп ұстау және жөндеу).

Толық сипаттама 4-ескертпеледе берілген.

Түсімді Компания агент ретінде қызметтер ұсынылуына қарай уақыт бойы таниды.

Автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды, жөндеуді және күтіп-ұстауды үйымдастыру жөніндегі қызметтер бойынша тануға жататын түсімнің сомасын айқындау үшін аяқтау сатысы ай сайынғы негізде қызметтерді орындау үшін Компанияның шеккен шығындары негізінде бағаланады. Компания бұл әдісті орынды деп санайды, өйткені мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде не тартылған инвестиациялар есебінен халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және ұстауды үйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсынуға байланысты жұмсалған басқару және операциялық шығындар негізінде ай сайын Принципал шотын қояды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

(б) Сенімгерлік басқару шарттарының түсімі және есебі (жалғасы)

Түсім (жалғасы)

Компанияның бағалауы бойынша ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды, жөндеуді және күтіп-ұстауды үйымдастыру жөніндегі барлық қолданыстағы шарттар жолдарды салуды, реконструкциялауды, жөндеуді немесе күтіп-ұстауды үйымдастыру және басқару жөніндегі қызметтерге қатысты орындалуға бір міндеттемені қамтиды.

Ақылды автомобиль жолдарының қызметін үйымдастыру және басқару жөніндегі сенімгерлік басқару шартында орындауға екі міндеттеме бар: жүріп өту үшін ақы жинау және жолдарды күтіп ұстауды үйымдастыру. Осы шарт бойынша шығындарды өтеу төлемақы жинау нәтижесінде алынған ақша қаражаты есебінен жүргізіледі.

Барлық шарттарға қатысты түсім жоғары дәрежеде жинақтаушы жиынтық деп танылған түсім сомасының едәуір азаюы болмайтын дәрежеде танылады. Қолданыстағы шарттарда қаржыландырудың елеулі құрамдас бөліктері жоқ, өйткені үде берілген өтеу сомасы мен үде берілген қызметтерді сатудың ақшалай бағасы мен міндеттемені орындау сәті мен төлем жүргізілген сәт арасындағы уақыт бөлігі арасында айырмашылық жоқ.

Жолдарды салуды, қайта жаңартуды және жөндеуді қаржыландыру үшін алынған аванстар және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек, ҚР ҚМ ММЖК және ҚР ҚМ атынан ҚР ҚМ АЖК жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді орындау нәтижесінде қалыптастырылған, қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігін қамтымайды, өйткені Компания өз қызметі процесінде агент ретінде әрекет етеді және процесті үйымдастыру және әкімшілендіру жөніндегі өз қызметтеріне айырбасқа алынатын таза өтеу сомасындағы түсімді таниды.

Компанияның комиссиялық сыйақысы және тікелей шығыстарын өтеу

Алынған комиссиялық сыйақыларға қатысты Компания шарттар бойынша негізгі операцияларды жүзеге асыру кезінде ол агент ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді, 4-ескертпе. Бұл ретте Компания заңнамаға сәйкес Компания барлық тәуекелдерді сақтайтын өз құшімен жұмысалған ұстауға арналған шығыстарды қоса алғанда, Компанияның өзінің басқару қызметіне тікелей байланысты шығыстар шенберінде принципал ретінде әрекет етеді. Бұл шығыстар қолданыстағы шарттар шенберінде ҚР ҚМ АЖК-нен өтелуге жатады.

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес Компанияның агент немесе принципал ретінде әрекет етуін бағалау сатып алушыға берілгенде дейін Компанияның тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бақылауы бар ма, жоқ па, оған негізделеді.

Еншілес кәсіпорынның түсімі

Еншілес кәсіпорынның түсіміне қатысты Топ еншілес кәсіпорынның шарттары бойынша негізгі операцияларды жүзеге асыру кезінде ол принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді.

(в) Болашақ кезеңдердің кірістері

Компания ҚР ҚМ АЖК-нен банктік қарыздар шарттары шенберінде үйымдастыру және резервке қою үшін комиссиялар төлеу үшін ақшалай қаражат түрінде өтем алады. Осы өтеу болашақ кезеңдердің кірістері ретінде көрсетіледі және басқа кірістердің құрамында банктік қарыздарды пайдалану мерзімі ішінде тікелей желілік әдіспен пайда мен залал туралы есептің құрамында танылады.

(г) Қаржылық кірістер мен шығыстар

Топтың қаржылық кірістері мен шығыстарының құрамына:

- пайыздық кіріс;
- пайыздық шығыстарды өтеу;

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

- комиссиялар бойынша дисконттың амортизациясы;
- пайыздық шығыс кіреді.

Пайыздық кіріс пен шығыс пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісімен танылады.

(г) Шетел валютасы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік тенгемен берілген, ол да Топтың екі компаниясының функционалдық валютасы болып табылады. Шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда компаниялар операция тану критерийлерін бірінші рет қанағаттандыратын күнгі тиісті бағамдар бойынша қайта есептегендегі функционалдық валютада көрсетеді. Шетел валютасында деноминацияланған монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнгі бағамдар бойынша функционалдық валютада қайта есептеледі. Монетарлық балтарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындастын айырмалар пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Тарихи құны бойынша шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес балтар бастапқы операциялар күніндегі айырбас бағамдарын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Алдын ала төлем жасау немесе алу нәтижесінде туындастын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені тануды тоқтату кезінде тиісті активті, шығысты немесе кірісті (немесе оның бір бөлігін) бастапқы тану кезінде пайдаланылуы тиіс ағымдағы айырбастау бағамын айқындау мақсаттары үшін операцияның күні Топ компаниялары бастапқыда алдын ала төлем жасау немесе алу нәтижесінде туындастын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені танитын күн болып табылады. Бірнеше операциялар жасалған немесе алдын ала төлем алынған жағдайда, компания әрбір төлем немесе алдын ала төлем алу үшін операция күнін айқындаиды.

Топ елеулі мәмілелер жүргізген Қазақстан Қор биржасындағы (KASE) сауда-саттық нәтижелері бойынша шетел валюталарының айырбастау бағамдары былайша берілген:

Орташа айырбас бағамы	Есепті күнгі «спот» айырбас бағамы			
	2023 жыл үшін	2022 жыл үшін	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2022 жылғы 31 желтоқсанға
1 АҚШ доллары	456.31	460.48	454.56	462.65

(e) Табыс салығы**Табыс салығы**

Табыс салығы бойынша шығыс ағымдағы табыс салығын және кейінге қалдырылған салықты қамтиды және бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелеге немесе тікелей меншікті капитал құрамында немесе өзге де жиынтық кіріс құрамында танылатын операцияларға жататын олардың бөлігін қоспағанда, кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Ағымдағы салық

Ағымдағы табыс салығы жыл ішіндегі салық салынатын пайдаға немесе салық залалына қатысты төленуі немесе өтелуі күтілетін және есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданыстағы салық мөлшерлемелері негізінде есептелген салық сомасын, сондай-ақ өткен жылдардың табыс салығы бойынша түзетулерді қамтиды. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеменің есебіне дивидендтерге байланысты туындаған салық міндеттемесінің шамасы да енгізіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

(е) Табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындастырылған үақытша айырмашылықтарға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық: бизнесті біріктіру жөніндегі мәміле болып табылмайтын және бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе салық шығынына да әсер етпейтін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындастырылған үақытша айырмашылықтарға қатысты танылмайды.

Кейінге қалдырылған салық активі пайдаланылмаған салық шығындарына, салық кредиттеріне және шегерілетін үақытша айырмашылықтарға қатысты олар өткізілуі мүмкін болашақ салық салынатын пайданы алу мүмкіндігі шамасында ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы әрбір есепті құнгі жағдай бойынша талданады және тиісті салық пайдаларын іске асыру бұдан әрі ықтимал болып табылмайтын шамада азайтылады.

Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті құнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгілген зандарға негізделе отырып, үақытша айырмашылықтарды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелерін негізге ала отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салықты бағалау Топ өз активтерінің баланстық құнын өтеуге немесе өтеуге немесе есепті кезеңнің соңындағы міндеттемелерді реттеуге ниеттенетін тәсілден туындастырылған салықтың салдарды көрсетеді.

